

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2015 жылғы 6 тамыздағы № 320 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 тамызда № 5844 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 366 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 18.01.2016 № 366 шешімімен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабы 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 4-тармағына сәйкес Науырзым аудандық мәслихаты

### **ШЕШІМ**

### **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар а й қ ы н д а л с ы н .

2. Күші жойылды деп танылсын:

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 220 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4748 тіркелген, 2014 жылғы 12 маусымында "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

аудандық мәслихаттың хатшысы  
КЕЛІСІЛДІ:

С е с с и я            т ө р а й ы м ы ,  
З. Алдажұманова

"Науырзым ауданының экономика,  
қаржы және кәсіпкерлік бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Дехтярева